

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қыркүйектегі N 1475 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 10 қараша N 1694

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамының мемлекеттік емес заем тартуы жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қыркүйектегі N 1475 P001475\_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"кредиторларға "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Z990473\_ Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктерді беру лимитінің шегінде 100 000 000 (жүз миллион) АҚШ доллары мөлшеріндегі негізгі борышты, сондай-ақ кепілгердің төлеуіне жататын пайыздарды және өзге де төлемдерді қамтитын сомаға тартылатын заем бойынша Қоғамның міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ретінде Қазақстан

Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы 2000 жылғы 26 қазаннан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.,

Икебаева А.Ж.